

Келес ауданы Жамбыл ауылдық округі Майда Бозай елді мекенінің М.Әуезов көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Келес ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 7 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 22 қаңтарда № 6034 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 30.03.2021 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Келес аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2021 жылғы 19 қаңтардағы № 08-02-03/19 ұсынысы негізінде Жамбыл ауылдық округ әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Вирусологиялық зерттеу нәтижесінде бір бас мысықтың бас миының сынамасынан "кұтыру" ауруына оң нәтиже көрсетуіне байланысты Келес ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Майда Бозай елді мекенінің М.Әуезов көшесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Келес ауданы Жамбыл ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімнің Келес ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК